



БҰЙРЫҚ

15.06.2026

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 45

город Алматы

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу жөніндегі
жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жауапты тұлға ретінде заңгер Чайкуманов Е.Т. белгіленсін.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі – Жұмыс тобы) келесі құрамда құрылсын:

Жұмыс тобының төрағасы: Нурмуратова С.М. – директордың орынбасары.

Жұмыс тобының мүшелері:

- Әбілбек С.Ә. – кадрлар жөніндегі инспектор
 - Исахова А.А. – бас бухгалтер
 - Сембаев Ж.А. – шаруашылық меңгерушісі
 - Чайкуманов Е.Т. – заңгер.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары бекітілсін (№1 қосымша).
 4. Жұмыс тобы 2026 жылғы 26 маусым мен 2026 жылғы 27 шілде аралығында келесі бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізсін:
 1. Талдау объектісінің қызметіне әсер ететін нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айқындау;
 2. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырайтын лауазымдарды айқындау;
 3. Мүдделер қақтығысын реттеу;
 4. мемлекеттік қызметтер көрсету;

5. Рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру;
6. бюджеттік және қаржылық қаражаттың игерілуі мен бөлінуі;
7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
9. Талдау объектінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша ақпаратты жинақтау және қорытындылау аяқталғаннан кейін 2026 жылғы 27 шілдеге дейін талдамалық анықтама жасалсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың орынбасары Нурмуратова С.М.-ға жүктелсін.

Директор



Т. Туманшиев